

Орынбай БЕКЖАН

ЕНЕСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ БЕЛГІСІЗ АЛТЫНШЫ БІРІГІҢКІ ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ТАҢБАСЫ

*В статье излагается о звуковом
значении неизвестного знака енисейских
рунических памятников.*

*Bu makalede Orhun-Yenisey
yazıtlarındaki belirsiz işaretlerin ses mânâsı
hakkında bilgi sunulmaktadır.*

Орхон-енесей жазба ескерткіштерінің құпиясы ашылғанына жүз жылдан астам уақыт өтсе де, олардың әлі де сыры ашылмаған таңбалары бар екені белгілі болып отыр. Бұған дейінгі еңбектерімізде 𐰇 лч, 𐰈 рт (1) таңбалары туралы айтылған болатын.

Көне түркі күл жазулы ескерткіштердегі мағынасы ашылмаған таңбалар көбінесе бірігінкі дауыссыздар болып келеді. Солардың бірі мына таңбалар: 𐰉 , 𐰊 , 𐰋 , 𐰌 , 𐰍 , 𐰎 . Бұлардың дыбыстық мағыналары 𐰉 ш, 𐰎 нт және 𐰈 болып оқылып келді. Біздің зерттеулеріміз бұл таңбалардың мағынасы 𐰈 (нғ, нк – нг), 𐰉 (нғ, нк – нг) түріндегі бірігінкі дауыссыздармен дыбысталатынын айқындап берді.

Орхон ескерткіштерінде кездесетін: 𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎

Құны сенүніг 'Құны сенүнді' (Тон., 9), 𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎 Чача сенүнке 'Чача сенүнге' (КТ, 32) 𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎 Ұдар сенүн (КТ, 52) секілді тіркестердегі *сенүн* сөзін С.Е. Малов қытай сөзі (tsiang kiun) (2) деп береді де, орысша *сенгун* (2, 40, 43) деп транскрипциялайды. Сөздік анықтамасында "имя китайского генерала" деп *сенгун* сөзінің аудармасын 'генерал' дегенін байқаймыз. Енесей ескерткіштерінде 𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎 (Е - 48) 'саңун' түрінде жуан болып дыбысталғаны мәлім. М.Томанов 𐰈 дыбысы туралы: "Түркі тілдерінің тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ақ сөз ортасында айтылатын 𐰈 дыбысын нг (кейде нғ) дыбыс тіркесінің жаңа көрінісі, соның фонетикалық ықпалдасуының нәтижесі деп қарайды" (3) дейді. Сондай-ақ, М.Рясяненнің монғол тілдері (нғ) мен түркі тілдерінің (н) арасындағы сәйкестікті көрсеткенін айтады. Мысалы, казак тіліндегі *қоңыр* сөзі монғол тілінде *қонгур* болып дыбысталатынын көрсеткен. Бұлармен қатар И.А.Батмановтың енесей жазбалары тілінде 𐰈 (нғ, нг) дыбысының жіктеле бастауы болған деген пікірін келтіреді. Яғни, И.А.Батмановтың ойынша ескерткіштер тілінде –*ңыз*, –*ғыз* қосымшаларының қатар қолданылуы соның дәлелі. Бұл пікірді біз де қолдаймыз. Және оны ары қарай дамыта отырып, соған дәлел болатын жаңа, тың мәліметтер туралы сөз қозғаймыз.

Енесей ескерткіштерінде *саңун* сөзі кездеседі, ал *сангун* сөзі 𐰈 және 𐰉 дыбыстарымен бөлек-бөлек жазылып қолданылмайды. Бірақ мына 𐰎 таңба арқылы жазылуы ұшырасады. Сондықтан бұл таңбаны зерттеушілер 𐰈 және 𐰉 дыбыстарымен оқып келді. Мысалы, Е – 7 (4) ескерткішінде Малов 𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎 Байна Саңун тіркесін келтіреді. Мұндағы *Байна* сөзі түпнұсқадағыша *Байса* немесе *Байша*, *Байча* болып оқылуы керек еді. Ал Васильевте 𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎 В' j' c' (?) a s' n' un' (5) деп, транскрипциясы *Байча* болып оқылған, бірақ сұрау белгісі қойылған. *Саңун* сөзіндегі 𐰎 таңбаны Малов 𐰈 деп оқыса, Васильев 𐰈 дыбысының басқа түрі деген мағынада белгілеген. Мұнда таңбаның ортасындағы нүкте өшкен болуы ықтимал, өйткені таңбалардың көпшілігінде нүкте кездеседі. И.А.Батмановтың енесей ескерткіштері дәуірінде нғ дыбысының 𐰈 -ға және 𐰉 -ға жіктелуі басталған деген пікірі осы *саңун* сөзінің екі түрлі таңбамен жазылуы арқылы дәлелденеді. Яғни, сол дәуірде халық *саңун* // *саңгун* деп қа-

насында да қолданылған: 'Өтүкен йыш олурсар, бәңгү іл тұта олуртачы сен, түрк бұдун ток 'Өтүкен койнауында отырсаң мәңгі ел ұстап отырмакшысың, түрүк халқы ток (болар еді) (КТк 8). Мәңгі сөзінің түбірі *мың, сан* сөздерімен түбірлес болуы ықтимал. Өйткені *ман* (мың) және *сан* сәйкес сөздер. Олай болса, *мәңкі йыллық тас* дегеніміз *сансыз жылдық тас* деген мағынаны білдіріп, содан ықшамдалғаны байқалады. Сан сөзінде шексіздік мағынасы да бар. Бұл Тариат (8; 9) ескерткішіндегі:

44 40 35 30 25 20 15 10 5 1
 : * 33 ^ 40 : J N Y ^ M Y O ^ O > S : 4 * M F Y X : 4 * P H X : 7 Y H M 7 H * H H : ^ N J O Y G S

Транскрипциясы: Бың йыллық түмен күнлік бітігімін белгүмін бұнта йасы тасқа йаратдым 'Мың жылдық, түмен (он мың) күндік жазуым мен белгімді мұнда жазық тасқа жаздым, тұрғыздым', -*бың йыллық* тіркесінен анық байқалады. Шамасы, *бың, мың* сөздері көне дәуірде *маңқ, мыңқ* болып дыбысталған болса керек. Мәңгі сөзі сол қолданыстың қалдығы болуы да мүмкін жайт. Орхон ескерткіштерінде бұл \odot таңба *нт* болып оқылады. Күлтегін, Білге қаған, ескерткіштерінде *нт* дыбыс тіркесі үшін \odot үш нокатты кертпе дөңгелек таңба қолданылса, Құтлығ қаған ескерткішінде үш нокатты толық дөңгелек белгі ретінде алынған. Күлі Чор ескерткішінде аралас таңба, көбінесе \odot үш нокатты толық дөңгелек және \odot бір нокатты толық кіші дөңгелек қолданылған. Ал қалған Тонықұқ, Мойын Чор, Ырық бітік, Тариат (Терхин) ескерткіштерінде тек бір нокатты кіші толық дөңгелек \odot *нт* дыбыс тіркесінің таңбасы ретінде алынған.

ңк дыбыс тіркестерінің әрқайсысын жеке-жеке таңбалармен белгілеген және екеуін бір таңбамен жазған енесей ескерткішіндегі осы бірігіңкі дыбыстарды дәлелдейтін бір сөз - *бұңқа* сөзі. Жеке таңбалармен жазылған түрі Е-48 (4, 94; 5, 32, 70, 110) ескерткішінде кездесті. С.Е.Малов мәтінінде аз ғана өзгеріс бар:

^ 2 1 0 : * X T Y H M F Y X : 3 ^ ^ J J N Y > J

Транскрипциясы: БҰҢҚА ТаШыН БеҢКҮН ТiКeP BeH ЙЫТА

Аудармасы: мұнда (мұңлы жүзбен) мәңгі тас қоямын. Ол бұңқа сөзін мұң (печаль) деп аударған. Дұрысында бұның аудармасы *бұған* (барыс септіктегі сілтеу есімдігі) болуы керек еді. Қазақша мағынасы жатыс септіктегі *бұнда* сөзінің мағынасын білдіреді. Д.Д.Васильев транскрипциясында да шамалы өзгеріс бар. Ол \wedge P³ таңбасын Y деп оқыды, және *н* әрпін *с* деп оқыған. Біз фотосуреттен былай деп оқыдық:

^ ^ P O Y * Y X S H : M F Y X : Y M ^ ^ : J N Y > J

Транскрипциясы: БҰҢҚА ТаШыҢ БәҢКҮ iTiP³ eKi eLiMiҢ ЙЫТА

Аудармасы: бұнда (дәл мағынасы - бұған) тасың, мәңгі етер, тұрғызар екі елімнің Баска ескерткіштерде *бұңқа* сөзіндегі *ңк* бірігіңкі дауыссыздары \odot бір нокатты дөңгелек таңбамен белгіленген. Зерттеушілер бұл таңбаны *н* және *нт* деп оқыған. Біз *ңк* дыбыс тіркестері мәнінде оқимыз. Баска сөздер құрамындағы осы таңбаларды *ңк* және *ңк* бірігіңкі дауыссыздары мағынасында оқуымыз сөздердің өз мағынасында дұрыс оқылуына септігін тигізді.

Е - 11 (4, 29; 5, 19, 61, 92) ескерткішінде *бұңқа* сөзіндегі *ңк* дыбыс тіркестері \odot бір таңбамен белгіленген. Маловта бірінші, Васильевте екінші жолдағы \wedge T Y M H *Тер-ана* тіркесі қате оқылған және *йасда* сөзіндегі * таңба лигатура болғандықтан *см* әріптерін білдірген тәрізді. Сонда ол сөз *йасымда* болып оқылады. Зерттеушілер ол сөзді *йасда* деп оқыған. Ғалымдар *МӨ* деп оқыған екінші таңбаның төменгі жағында жінішке *н* -нің екінші бұрыш белгісі байқалды. Ал \wedge п болып оқылған төртінші таңба енесей ескерткіштеріндегі жуан \wedge т әрпі болып шықты. Осы жолдың, біздіңше, дұрыс оқылған мәтінін келтірейік:

^ 15 10 5 1
 ^ 30 35 40 45 50 55 59
 ^ 30 35 40 45 50 55 59
 ^ 30 35 40 45 50 55 59

Транскрипциясы: ТiHeP aTA IЧPeKI BeH BeШ ЙiГiPMI ЙaCыMДА aЛыHMyШыMa
ҚУHЧУЙыMA БУHҚА aДыPыЛДыM ECiZiME KYN AY AZыДыM A

Аудармасы: Тiнер ата iшiндегi мен он бес жасымда алғанымнан, үлкен әйелiмнен (бәйбiшемнен), бұнда (тұра мағынасы: бұған) айрылдым ... күн айдан ажырадым.

Осы жолдың Малов аудармасында үлкен ауытқушылық бар. Ол мәтін түпнұсқасының көнелігі себепті дұрыс оқылмаудан, сөз аудармасындағы қателіктен туған. Мысалы құнчуй сөзін 'принцесса' 'хан қызы' деп аударған. Дұрысына келсек құнчуй сөзі екі түбірден тұрады. Біріншісі құ сөзі 'үлкен' деген мағынаны білдіреді. Бұл құйы сөзінде де бар. С.Е.Малов (4, 17) құй сөзі қытайша 'үй, әйелдерге арналған үй' деген мағынаны білдіреді дейді. Шындығында құ – йы 'үлкен үй' деген мағынаны білдіреді. Нчуй сөзі 'ене', 'енече' сөздерімен түбірлес 'әйел' мағынасындағы сөз. Ескерткіштерде кездесетін 'құйыда құнчуйыма адырылдым' тіркесі 'үлкен үйде (гі) үлкен әйелімнен (бәйбішем(нен)) айрылдым' болып аударылады. Ал ғалымдар бұл тіркесті 'үйдегі хан қызы' деп аударып келген. Салыстыру үшін Малов аудармасын келтірейік: (1) Я Тер – апа (или Терпа) ичраки (внутренний чин) в пятнадцать лет был взят на воспитание к китайцам. В отношении моих принцесс я в горе отделился. Я не стал ощущать солнце и луну.

Мұндағы Терпа ічрекі сөзінің аудармасын 'внутренний чин' деуі және алынмысым сөзін был взят на воспитание к китайцам деп аударуы үлкен жаңсақтық болып табылады. Бұңқа сөзін бұңа деп оқып 'горе' мағынасында аударған.

Үшінші жолда Васильевте 'барымығ' 'мал-мүлік' сөзінің -ығ қосымшасы түсіп қалған. 'Атыңқа' сөзі бірінде 'анта', екіншісінде 'аңа' болып қате жазылған. Зерттеушілер енесей ескерткішіндегі жуан А т таңбасын байқамаған. Бұл сөз мал мағынасындағы ат сөзін білдіреді. Сонда аудармасы 'атыңа (қызығына) бөкпедім' болады. С.Е.Малов малдың 'үрүң', 'қара' болып бөлінуін дұрыс ажыратқан. Қазақтар сиырды қара мал деп атаған. Ал жылқыны ақ мал деп атауы қазір ұмытылған тәрізді. Керісінше қара атауы ірі қара болып жылқы мен сиырға жалпы аталатыны аңғарылады. HҚ таңбасы мұнда жаңа атыңқа сөзінде қолданылып тұр. Бұнда тәуелдік жалғауынан кейін -а барыс септігі жалғауы жалғанған. Сонда көне заманда тәуелдік жалғауының екінші жағының жалғауы -ыңқ болғанын байқауға болады. Бұған барыс септігінің -қа жалғауы емес -а жалғауы жалғанған. Бұл алда басқа да мысалдар арқылы дәлелденеді. Төртінші жолда бұңқа сөзі тағы қайталанатын. Мұнда да O HҚ бір таңбамен таңбаланған екі ғалым да бұңа деп транскрипциялаған. Аудармасын 'горе' 'мұң' деп берген. Біздіңше, бұл сөздің мағынасы жоғарыдағыдай бұнда (бұған) болып аударылуға тиіс. Жетінші жолда түңүріме (4). түңі(е)ріме сөзі дұрыс оқылмаған. Дұрысы 'төл еріме' болуы қажет. Қазақшасы түпнұсқамен бірдей. С.Е.Малов бұл сөзді 'родственников' 'туыстарымнан' деп аударған. Сегізінші жолда да қателік бар. Оны түгел берейік:

✓»ZZVHZZ✓»AMFXJX+MM⊙ ✓»YZZVJ⊙

Транскрипциясы: С.Е.Малов: анта алығ адашыма анта сізіме

Д.Д.Васильев: аҢа алыҒ адыныМ(а) аҢа СІЗіМЕ

Аудармасы: С.Е.Малов: там от своих бесчисленных друзей (или: от богатства и друзей)

...

Біздің транскрипциямыз: аHТЛыҒ аДаСыМА аHТҮУІЗіМЕ еДГҮ еШіМЕ
аДыPыЛДыM

Аудармасы: Антас досыма(нан), тамырыма(нан), анттасыма(нан) ізгі досыма (нан)
айрылдым. Тоғызыншы жолда алтун, күмісіг, кіші сөздерінің оқылуында қателік кеткен.

Жолды түгел ұсынайық:

Handwritten transcription of the first text block, showing various symbols and numbers (30, 45, 40, 45, 10, 5, 50, 55) above the characters.

Транскрипциясы: БеШ ЙеГіРМі ЙаСыМДА ТаБҒаЧ ҚанҒА БарДым еР еРДеМіМ
 Үчүн аПыңын алТҮН КҮМүШ іГ ЕГРІТеБЕ ЕЛДЕ КҮЧІ ҚазҒандым А

Аудармасы: Он бес жасымда қытай ханына бардым, ерлік данқыма, алыптығыма сай алтын, күмісін, қымбат маталарын жидым, елдің күш-қуатын нығайттым. Малов аудармасында 'ер ердемім' тіркесінің аудармасы қалып қойған, күч сөзі кіші 'әйел' сөзі ретінде жансак түсіндірілген.

Келесі бұңқа сөзі Е-25 (4, 45; 5, 24, 64, 101) ескерткішінде жазылған. Таңба ромб тәрізденіп жазылғандықтан НҚ деп оқуды жөн көрдік. Бір қызығы С.Е.Малов Ш деп дұрыс оқыған таңбаны Д.Д.Васильев С деп бұзып жазған. Бұндағы келісімсіз нәрсе тақ таңбалы ш (жуанына да, жіңішкесінде де беріледі) әрпін аша таңбалы с әрпімен транскрипциялауы болып отыр. С.Е.Малов кеш, қадаш, ерміш десе, Д.Д.Васильев кес, қадас, ерміс деп жазады. Мұнда бір ескертетін нәрсе С.Е.Малов мән бермей күч деп оқыған сөзді Д.Д.Васильев Л: МВ ҮКҮЧ түрінде дұрыс жазған. Ескерткіштегі бұңқа сөзі бар бірінші жолды берейік:

Handwritten transcription of the second text block, showing various symbols and numbers (25, 25, 10, 50, 30, 33, 5, 5) above the characters.

Негізгі тақырыбымыз бұңқа сөзі болғандықтан мәтіндегі басқа сөздерді мұқият зерттемеген едік. Осы жолды фотокөшірмеден жазу үстінде күтпеген жаңалыққа кез болдық. С.Е.Малов йагықа деп оқыған сөздегі Л ы таңбасы мүлде басқа таңба болып шықты. Тіпті Л ы таңбасына карама-карсы жазылатын П таңбасына да ұқсамайтыны байқалды. С.Е.Малов өз оқуына сенгендігі сондай өз көшірмесінде ол таңбаны өзінше дұрыстап, өзгертіп: ЛНР, 0 йагықа 'жауға' деп кәдімгі Л ы әрпімен жазған. Біз бұл таңбаны Ч З деп оқып отырмыз. Бұл Ч З таңбасы осы мәтіндегі Ч З таңбаларынан ерекше жазылған. Дегенмен ондай мәтіннен тысқарылық (исключение) жазбаларда кездеседі. Сондықтан ол сөзді 'йагықа' 'жауға' деп емес йағыз сөзі деп оқыдық. Бұл сөз әйгілі Күлтегін жазуында кездескен сөз. Онда

: ЧР: М, 0, 2, ЧУ аСРА ЙаҒыз ЙеР Төменде қара (тура мағынасы: қоңыр) жер (2,21,36) болып жер сөзінің анықтауышы, сын есім мағынасында коданылған. Мәтіндегі йағыз сөзінен кейінгі Ч қ болып оқылған таңба мен одан кейінгі Л е таңбасының арасы бір әріп сиятындай ашық қалдырылған. Анықтап карасақ фотокөшірмедегі К болып оқылған таңбамыздың төмен бөлігі Ч р таңбасы болып шықты. Ал Ч К-ның ұзын тік сызығы 9 Й таңбасының төменгі жағы сияқты. Жоғарғы дөңгелегі өшкен. Ч Р мен Л Е таңбасының арасындағы бос орында Ч К таңбасы жазылған болуы керек. Оның ізі білінбейді. Әйтсе де ортадағы Ч Р таңбасы бұл жерде Ч Р ЙеРКЕ 'жерге' сөзі жазылғанын айқындап тұр. Шындығында да йағыз сөзінен кейін йер сөзінің келуі тілдің өз заңдылығына сай, еш шүбә тудырмайды. Мағыналық жағынан да 'тіршіліктен ажырадым' деп тұрып 'бұнда жауға кірдім' деуі ойға сыймайтын қайшылық екенінде дау жоқ. Ал қазіргі мағынасында қайшылық жоқ, қайта үйлесім бар.

Транскрипциясы: КҮНЧұЙыМа ҚаДаШыМа аДыРыЛТыМ БҮНҚА ЙаҒыз ЙеРКЕ КІРДіМ

Аудармасы: Бәйбішеме(нен), туысыма(нан) айрылдым. Бұнда(тура мағ.: бұған) кара жерге кірдім. С.Е.Малов бұл жолды: 'Я разлучился с моими принцессами и моими товарищами. Вошел, скорбя, в среду врагов' деп аударған. 'Бұңқа' сөзін печаль, скорбь деп аударып, ер түрік ұлдарына жат мінез-құлықты еріксіз таңғанын байқамай да қалған. Қазак батырлары, олардың ата-бабалары жауға шапқанда тіршілікті ұмытып, ерекше қажыр қайратпен, ерік-жігермен ұмтылған. Сондықтан бұл тіркесте бұңқа сөзін

мұң қайғы деп аударудың жөнсіздігі айқын дәлелденеді. Сондай-ақ жаңадан оқылған *йағыз йерге кірдім* тіркесі де бұңқа бұнда (бұған) сөзінің дұрыс оқылғанын дәлелдейді. Басқа тіл мамандарының түркі тілдерінің ерекшелігі бұңқа, бұңа бұған сөздері бұнда сөзінің мағынасын да білдіре беретінін аңғармауы таңғалдырмайды. Оны тек тіл тұтынушы мамандар ғана сезетіні айқын жәйт.

Қазақ тілінде сөздің соны нқ(ңк) дыбыс тіркесімдері арқылы келетін сөздер кездеседі. Ондай сөздердің көпшілігі еліктеуіш және зат есім болып келеді. Тілші ғалым Ы.Ысқақов(10) қазақ тіліндегі сөздердің бәрі көне заманда еліктеуіш сөздерден шыққан деп есептейді. Академик Ә.Қайдаров(11) бір буынды сөздердің соңғы дыбыстары нқ(ңк) дыбыс тіркесімдері арқылы келетін түрлеріне мысал келтіреді. Соның бірі *даңқ* сөзі.

Е-68 (5,36,72,114) ескерткішінде осы *даңқ* сөзі кездесті. Д.Д.Васильев ондағы

◆ НҚ бірігінкі дауыссыздарын S деп оқыған. Ал сөздің басындағы **33** Д әрпі өшкен, дегенмен фотосуретте көмескі ізі байқалатындай. Ескерткіштегі осы жол мәтінін берейік: **ХУТТДХТТХН:УФΛΟΞΧΙ**

Транскрипциясы: XI (Д)аНҚТы ЕЛ ҚЫЗЫ еРДеМі аЛП еРДі

Аудармасы: Даңқты ел қызының ерлік даңқы алып (биік, орасан зор) еді.

Е-25 ескерткішіндегі ендігі бір үлкен жаңалық алтыншы жолдағы сөздердің дұрыс оқылуы арқылы белгілі болды. Біріншісі **⊙** НҚ бірігінкі дауыссыздары арқылы жазылған тәуелдік жалғаулы сөздер және лигатура тәсілімен берілген таңбалар, ондағы *арғын* этнонимінің оқылуы. С.Е.Малов былай оқиды:

ЧУММ:Ч>У,ЧНЧ⊙ТДΛЗЗН:Ч>ДУ↑ОЧ⊙ЭН

Транскрипциясы: Қаныңыз йоқлайур қадаш алпыңыз қарғанур үнүңүз.

Аудармасы: Ваш хан возвышается, товарищи, ваши герои и ваши голоса клянутся.

Қазақша аудармасы: Ханыңыз жоғарылауда, жолдастарыңыз, батырларыңыз, үндеріңіз қарғанып ант етіп жатыр.

Мұндағы қателік *йоқлайур* сөзінің дұрыс аударылмауы мен соңғы үш сөздегі таңбалардың өшіңкірегендіктен, лигатура арқылы жазылғандықтан дұрыс оқылмауынан кеткен.

Жолдың дұрыс оқылымын келтірейік:

ГХУТТДХТТХН:УФΛΟΞΧΙ

Жолда 25 таңба бар. Оның төртеуі лигатура арқылы жазылған. Олар 13, 17, 18, 25-ші күрделі таңбалар. Оларды қосымша әріптермен А, Ә, Б, Г деп белгілейміз. Мәтіндегі **⊙** НҚ әріптері 3, 16-шы таңбалар. Бірінші сөз *қаныңқыз* болып оқылды.


Енді лигатуралар бөлшектеніп жеке әріптермен оқылған транскрипциясын берейік:

ҚаНыНҚЫЗ ЙОҚЛайУР ҚаДШ ҰЛТЫНҚЫЗ еКі еЛіНІЗ еКі аТаНЫЗ аРҒЫН ҰРҮ ІНіЛеРіНІЗ.

Күрделі әріптердің бөлшектенуі: А) **λ** 1) **Λ** Ш; 2) **>** У; Ә) **⊙** 1) **Ч** К; 2) **У** Л; 3) **У** Н; 4) **Ч** З; Б) **УДУ** 1) **У** К; 2) **А** Т; 3) **У** Н; 4) **Ч** З; 5) **Ч** Р; Г) **ХУ** 1) **У** Л; 2) **У** Р; 3) **У** Н; 4) **Ч** З;

Бұндағы 4 лигатура 15 әріпке бөлшектенеді. Жалпы таңба 25 - тен төртеуін алып тастап, оған 15 әріпті қоссақ, 36 таңба шығады. *Ұлтыңыз, еліңіз* сөздерінде бір з таңбасы екі рет оқылады. Сонда транскрипцияда 37 таңба болады. Екінші **⊙** НҚ таңбасымен оқылған *ұлтыңқыз* *ұлтыңыз* сөзі. Қазақ тіліндегі *ұлт* сөзі 10 –11 ғасырдағы ескерткіштен кездесуі көне түркі жазба ескерткіштерінің қазақ халқының төл мұрасы екендігін тағы бір айғақтайды. Бұл сөз алғашында *атыңқыз* болып оқылды.

Бірақ мағыналық сәйкессіздіктен күдік сөйілмеді. Лигатуралар оқылғаннан кейін ғана Л Ш таңбасының үстіндегі кішкене сызыққа мән беріліп, сөздің дұрыс оқылуына қол жеткіздік. ✓ л' таңбасы да ✓ А болмай өз мәнінде оқылды. Жоқ бірыңғай бастауышты жай сөйлем болып құрылған. Баяндауыш *йоқлайұр* сөзі. Бұл сөздің үш түрлі мағынасы бар: 1) жанның көкке ұшуы; 2) мүрдені жерлеу; 3) өлген адамды жоқтау, ас беру. Бірінші мағына кісі өлген кезде *'йоқ болты'* деп айтылады. *'йоқлайұр* сөзіне онша қатысы жоқ. *'Мүрдені жерлеу'* де бұрын өтіп кетуі мүмкін. Қазіргі, яғни, келтіріліп отырған жолдағы мән соңғы үшінші мағына болуы керек. Бірыңғай бастауыштардың баяндауышпен байланысу пішінін (схема) келтірейік:



Аудармасы: Ханыңыз, туыс, дос-жар - ұлтыңыз, екі еліңіз, екі атаңыз Арғын ару текті інілеріңіз жоқтап ас беріп жатыр.

Көріп отырғанымыздай С.Е.Малов *'қарғанур'* деп оқыған сөздің к бөлігі *'екі атаңыз'* тіркесі болып шықты. Ал *'Арғын'* мен *'ұрұ'* сөздері екіге бөлініп, өз жүйесін тапты. Қате оқудан кеткен мағынасыз қарғанур сөзінің мәтінге үйлесімсіздігі көзге ұрып тұрғаны айқын. М.Томанов (3, 140) тәуелдіктің көпше екінші жағының *-қыз, -кіз* жалғауларын келтіреді. Бұл жалғаулардың (жалпы тәуелдік жалғаулардың) түпкі негізі жіктік жалғаулары деген пікір тұрақталды деп түйіндейді. Бұған біз де қосыламыз. Дегенмен енесей ескерткіштеріндегі *нқ* бірігінкі дауыссыздарының айқындалуы бұған әлі де толықтыру енгізуді тілейді. Өйткені жіктеу есімдіктерінде меншіктеу ұғымы жоқ, тек жақ ұғымы бар. Сондықтан меншікті ұғым *-қыз, -кіз (~сыз, ~сіз)* жіктеу есімдіктерінің алдында келетін *-ыңк, -іңк* жалғауларында болған деп білеміз. Сонда жоғарыдағы *'ұлтыңыз'* сөзі одан да ежелгі дәуірде *'ұлтыңқыз'* болып қолданылғаны сезіледі. Меншіктілік мәнің негізі ілік септігі жалғауында жатқаны байқалады. М.Томанов былай дейді: "... қазіргі қазақ тілінде тәуелдік мән синтаксистік жолмен де берілетіні мәлім. Мысалы: біздің үй, сіздің бала т.б.". Көне түркі ескерткіштерінде *'бегін ат'* (бектің аты) (КТ.) түрінде келетінін айтады. Осы мысалдар меншіктілік мән ілік септігінде болғанын білдіреді. Бұған қосымша М.Томанов осы тәсілдің мәнін *-нікі* қосымшасы арқылы да білдіруге болатынын ескерткен. Бұл қосымшаның шығу жолын М.Томанов *-нің - ілік септігі, -кі- сын есім жасайтын жұрнақ* деп шешеді. Бұлай қолдану қазіргі оңтүстік (Түркістан - Мақтарал) диалектілерінде әлі де кездеседі (меніңкі, сеніңкі). Бірақ бұндағы *-кі* сын есім жұрнағы емес екенін енесей ескерткіштеріндегі мысалдар айқындап отыр. Бұл *-нқ (нқ)* жұрнақтары, біздіңше, меншіктілік мәнді білдіретін *тек (тег), (~нек, нег)* (*тиісті*) сөзінен пайда болған.

Енесей ескерткіштерінде *'екі ел'* тіркесі кездесіп тұрады. Мысалы, жоғарыда келтірген Е-48 ескерткішінде *'екі елінің'* тіркесі бар екені белгілі болды. Бұл тіркес, міне, Е-25 ескерткішінде тағы қайталанып, оның арғынның екі атасы екені нақты айқындалып отыр. Тарихшы Н.Мыңжани арғын тайпасының көне шежіресінде *екі ата ергол* мен *момыңга* бөлінетінін (12) айтады. Сондай-ақ Марко Полоның арғынның екі атадан тұратыны жөніндегі пікірін келтірген. Марко Поло Орталық Азияны 13 ғасырда аралағаны мәлім. Сөйтіп бұдан бұрынғы еңбектеріміздегі *'арғын'* туралы мәліметтер (1) осы ескерткіштегі жаңа, тың деректер арқылы тағы да дәлелденіп отыр. Бұл арқылы ескерткіштің дәуірі нақты қай кезге жататыны анықталмақшы. М.Қашқари заманында

арғындар өздерін әлі 'арғұ' деп атаса, 13 ғасырда 'арғын' деп атай бастағаны Марко Полоның жазған дәйектері арқылы белгілі болады. Дегенмен 10-11 ғасырларда да жаппай арғын атала бастамағанымен ішінара атала бастағанын жоққа шығаруға болмайтын шығар. Сөйтіп Е-25 ескерткішінің жазылу уақыты 11-13 ғасырлар десек қате болмас дейміз. Жолдағы соңғы С.Е.Малов 'үнүз' деп оқыған сөздегі Υ Р² таңбасы оның \S З таңбасына ұластырылуы лигатура белгісі екенін айғақтап, оның құрамындағы Υ Л² және Υ Ң таңбаларының өз мәнінде оқылуына жол ашты. Нәтижесінде сөз 'інілеріңіз' болып оқылып 'ұрұ' сөзімен мағыналы тіркес құрады. 'Ұрұ' сөзі орхон ескерткішінде қолданылған белгілі сөз.

Ескерткіштің соңғы жетінші жолында да лигатура арқылы жазылған сөздер бар. Оларды шешуде мәтін мағынасын толықтыра түсуге зор септігін тигізеді. Салыстыру үшін С.Е.Малов оқуын келтірейік:

\S 33 \downarrow 433 \wedge Υ \downarrow 3: \S 3: 10 (7)

Транскрипциясы: ЙаҒыМ аНЧА еРМіШ аДыРыЛДыМ

Аудармасы: Моих врагов столь много было, (поэтому) я отделился (от вас) т.е. умер).

Қазақша аудармасы: Менің жауларым сонша көп болды, (сондықтан) айрылдым (сендерден, тура мағ. өлдім).

Дұрыс оқылуы:

¹³ \downarrow 33 : ¹⁰ \downarrow 433 \wedge Υ \downarrow 3: \S 3: 10 (7)

Транскрипциясы: ЙаҒыМ аНЧА еЛ еРМіЗ еРТіШіҢКе аДыРыЛДыМ

Күрделі әріптердің бөлшектенуі: А) Υ 1) Υ л²; 2) Υ Р²; Ә) \S 1) \S М; 2) \S 3; Б) 1) \S РТ; 2) \wedge Ш; 3) \S ҢК

Жолда үш лигатура (6, 7, 8) А, Ә, Б бар. Олар 7 таңба болады. Сонда барлығы 18 таңба қолданылған. Лигатураны оқу арқылы 'ерміш' сөзі 'ерміз' болып оқылды. Сондай-ақ, жаңа 'ел', 'ертішіңке' сөздері анықталды. Жолда тақырыбымызға қатысты \S ҢК бірігіңкі дауыссызын білдіретін таңба да кездесіп, оның оқылуы мағына дәлдігіне септігін тигізді. Бұл жолдағы \S ҢК таңбасының өз өзгешелігі бар. Яғни бір ноқатты дөңгелек таңба емес. Көлденеңнен сопақша дөңгелектің ішіндегі \wedge таңбасы бар белгі. Біз әзірге бұл таңбаны да \S ҢК деп оқып отырмыз. С.Е.Малов аудармасы да жалпы мағынаны дұрыс білдірген. Бірақ ол жобалап 'поэтому' 'сондықтан' сөзін ойдан қосып аударған. Ал қазіргі аудармада нақты сөздер арқылы аударылады.

Аудармасы: Жауым сонша ел болған екендігінен айрылдым.

Алтыншы бірігіңкі дауыссыздарының келесі қолданысы Е-49 ескерткішінде кездеседі. Бұнда Υ дауыстысының езулік ы дыбысына айналғаны аңғарылады. Яғни, Υ Ө Ә БыҢҚА 'бұнда' (тура мағ. бұған) болып жазылған. Біз бұрынғы жұмысымызда (1, 99, 476) бұл сөзді бұрынғыша БыНТа деп транскрипциялаған болатынбыз. Әйтсе де С.Е.Маловтың 'бунта' деп еріндікпен жазғанын өзгертіп, езулікпен жазған едік. Бұл сөздің де мағынасы 'бұнда' (мұнда, 'мында') болып аударылатыны аян. Бірақ қазіргі тілімізде езулікпен 'мында' деп те айтылатынын ескергеніміз жөн. Сөз кездесетін жолдың түзетілген оқылымын берейік:

\S ҢХН \downarrow ӨД: \S Ң \wedge \S Ү: \S Ң Υ \downarrow 3: \S 3: 10 (7)

Транскрипциясы: ІУ. алТЫ БаҒ БұДұНыМ күЧЛіГіН үЧүН аРҚыРТ еЛДе ТаШыН БыҢҚА іТЕТІ

Аудармасы: ІУ. Алты тайпалы халқымның күштілігі, күшеюі үшін.

[Өзі] Арқырт елінде (жасады). Тасын мында (тура мағ. бұған) тұрғызды. Ғалымдардың 'бұңқа' сөзін бұң Е-7 (4, 22; 5, 87) 'мұң-қайғы' деп аударуының себебі ескерткіштерде бірігіңкі дауыссызбен берілген Υ > Υ БҰҢҚ 'мұң, қайғы' және жеке әріппен таңбаланған \S М \downarrow Υ БҰҢСІЗ (Е-26 (4, 49; 5, 102)) 'мұңсыз' сөздері де жазылған. Υ ҢК таңбасын \S деп транскрипциялауы да осы себептен болған сияқты. Е-7 ескерткішінің 2 - 3 жолын келтірейік:

\S 33 \downarrow 433 \wedge Υ \downarrow 3: \S 3: 10 (7)

2) аНЫҢК ЧЫҢҚЫЗ ҚаДАШЛАРЫМа аДЫРЫЛУ БарДЫМ ҚыЗЫНа еРiМЕ БӨКМ(еДiМ)

3) ТәҢРi ЕЛiМКЕ ... БеГiМКЕ БӨКМедiМ СiЗiМЕ ТӨРТ ЙаШЫМДА ҚаҢК

Аудармасы:

1) Алып Орұңкү Тұтұк мен үлкен үйдегі үлкен әйеліме(нен) (бәйбішемнен) екі ұлыма(нан) жалғыз қызыма(нан) (айрылдым).

2) Аныңк (Анық), Чыңқыз (Шыңғыс) атты ағайын-туыстарыма(нан) айрыла бардым (бердім), қызыма, еріме бөкпедім (қызығына).

3) Биік еліме ... бегіме бөкпедім (қызығына), төрт жасымда қан (хан немесе әке).

Алғашқы жолдағы **○ НҚ** дыбыс тіркестері арқылы жазылған жаңа 'йалаңқұс' сөзі қазақ тілінде екі түрге жіктелген. Біріншісі, 'жалғыз', екіншісі, 'жалаң(аш)' сөздері. Аудармада көрсетілгендей ескерткіштегі 'йалаңқұс' сөзі 'жалғыз' (йаланқұс > йалыңқұс > йалықұс > йалықыс > йалқыз > жалғыз) мағынасында қолданылған секілді. С.Е.Малов түсініктемелерінде көп сөздердің оқылуынан, аудармасынан қателіктер кеткен. 'Жалаң' сөзі Е-138 (5, 80) ескерткішінде

ГРНХЛРН : ӨУД

ЙаЛаҢҚ ҚыЙА БіТiГi 'Жалаң қия жазуы' кездеседі. Мұнда 'йалаңқұс' сөзінен едәуір қысқарып 'йалаңқ' 'жалаң' түріне ауысқаны көрініп тұр. Жалпы бұл сөздердің шығу тегі әртүрлі сөздерден туған болуы ықтимал. Өйткені 'жалғыз, жалқы' сөздері мен 'жалтыр, жалаңаш' сөздерінің мағыналық жағынан да айырмасы бары аңғарылады. Ескерткішті жазушы бабаларымыздың қиял-ғажайыптық, көркем-суреттік ойтанымның биік, асқақ деңгейі **нқ** таңбасын табиғи жалаң қия жартас бейнесінде суреттеуінен айқын көрінеді. Көне жазбадағы 'йалаңқ' сөзінің даму өзгерісі қазақ тіліндегі 'жалғыз' сөзінде **н** дыбысы түсіп, **к (ғ)** дыбысы сақталып қалуымен көрінсе, 'жалаң' сөзінде **н** дыбысы сақталып, **к (ғ)** дыбысының түсуі секілді тілдегі нақты көрінісінен байқалады. Екінші жолдағы 'Аныңк, Чыңқыз' кісі есімдері қазақ тілінде 'Анық, Шыңғыс' түрінде сақталған. 'Анық' атауында **н** дыбысы түссе, 'Шыңғыста' екеуі де сақталып, тек **к** дыбысы ұяндағаны көзге анық көрініп тұр. Ескерткіштегі 'йалаңқ, Чыңқыз' сөздерінің қолданысы мен олардың қазақ тіліндегі көріністері **○ НҚ** дыбыс тіркесімдерінің көне жазбаларда жеке таңбамен белгіленгенінің айқын дәлелі болып табылады.

Е-98 (5, 76) ескерткішінде де **○ НҚ** бірігіңкі дауыссыздары таңбасы арқылы жазылған жаңа сөздер бар. Сонымен бірге ол таңбаның жіктік жалғауы ретінде қолданылуы да ұшырасты:

ГРНХЛРН : ӨУД
 20 15 10 5 1
 25 20 15 10 5 1
 25 20 15 10 5 1
 25 20 15 10 5 1
 25 20 15 10 5 1
 25 20 15 10 5 1

Транскрипциясы:

- 1) аҢЧы БаРЫС Т РiГ БеГiМ ЙаШ еР еРДеМ(...)iМ СiЗЕ
- 2) еЛЧiСi еРТiМ ШК аРТЫЗЫ БеКЕ
- 3) ӨЛiРТiМ КӨӨК БӨРi КаРЫҢҚ < ... > БаҒЫН ӨЛiРТiМ
- 4) еР ӨҢҚайҰН ҚаЗҒандыҢҚЫЗ БӨКМ(едiң)iЗ БеГ еРеКiМ БеГ
- 5) аҢҚал аДЫРЫЛДЫҢҚЫЗ аЧЫҒА ҚiР Қ еРiГ ҚаҢҚСЫЗ Қал...
- 6) ҰРұ ҚаНы еР еРiНЕ ыДУҚДА азҒылыҒ ТОҢҚұЗ ТеГ ТiРiТ ... Г... БеГ СiЗ

Аудармасы:

1) Аңшы (немесе аңдушы, немесе аң –түсінік мағынасындағы сөз) Барыс Тіріг бегім жас ... ердің ерлік данқым ...

- 2) елшісі... едім... шк... артық бегі
- 3) өлтірдім. Көк бөрі қарынк бағын [бау (тайпа)] өлтірдім
- 4) Ерді оңай таптыңыз (өзіңізге қараттыңыз) (оған да қызығына) бөкпедіңіз. Бек ерегі бек.
- 5) аңғалдықпен айрылдыңыз (өлдіңіз) жасына (?) ... әкесіз қал ...
- 6) Ару рухты текті ер ханы ердің еріне қасиеттен айрылған доңыздай тірілт ... бек...

Бұл Е-98 бен Е-138 ескерткіштерінің фотокөшірмесі берілмеген. Біз Д.Д.Васильевтің қол көшірмесіне сүйеніп отырмыз. Ескерткіште \odot НҚ, \diamond НҚ бірігіңкі дауыссыздары арқылы жазылған жана сөздер 'қарынк, оңқай, аңқал, қанқ, тоңқұз' сөздері. Мұндағы 'қарынк' сөзіне түсінік беруге оның белгісіз жақтары мүмкіндік бермейді. Ал 'оңқай' сөзі қазақ тілінде 'оңқай асық' түріндегі тіркесте кездеседі. Біздің түсінігімізше асықтың оңқайы оң қолдың бас бармағы асықтың алшы жағындағы шұңқыршыққа дөп келсе, сол болады. Тіліміздегі 'оңай' сөзі осы 'оңқай' сөзінің оңайлатылған түрі болуы ықтимал. Қалған 'аңқал, тоңқұз' сөздері ілгерінді ықпал және дыбыстың түсуі нәтижесінде тілімізде 'аңғал, доңыз' түріндегі өзгерісімен әлі қолданылып келеді.

Төртінші, бесінші жолдағы 'қазғаштыңқыз, адырылдыныңқыз' сөздері жіктік жалғауында да \diamond НҚ, \odot НҚ дыбыс тіркестерінің көне дәуірде қолданыста болғандығына куә бола алады. Оның уақыт өте келе И.А.Батмановтың пікірінде айтылғандай тілдік даму заңдылығына сай -ыңыз, -іңіз және -ығыз, -ігіз түрлеріне ажырағаны түркі тілдерінің тілдік жүйесінен айқын көрінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекжан О. Енисей ескерткіштеріндегі белгісіз бесінші бірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // «Тілтаным», 2001, № 2, 99-б.; Көне арғын мемлекеті және оның жазуы // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Алматы, «Ғылым», 2001, 476 б.; Арғын этнонимінің шығу төркіні туралы // «ҚР БЖҒМ ҰҒА Хабарлары», 2001, № 4, 39-б.
2. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.- Л., 1951, 421-б.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988, 65-б.
4. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М., -Л., 1952, 22-б.
5. Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983, 17, 60-66.
6. Древнетюркский словарь. Л., 1969, 485-б.
7. Салғараұлы Қ. Сиунну. Алматы, 1998, 25-б.
8. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. Алматы, 1990, 171-б.
9. Кляшторный С.Г. Терхинская надпись // «Советская тюркология», 1980, № 3, 89-б.
10. Ысқақов А. Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау. Алматы, 1999.
11. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, «Наука», 1986, 65-б.
12. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімші, «Шыңжаң халық баспасы», 1987, 283-284-66.